



Автор: Мукашева Гулжанат Танжарбаевна

Пән: Сауат ашу

Сынып: 1-сынып

Бөлім: Менің отбасым және достарым

Тақырып: X дыбысы

Мақсаты	X дыбысы мен әрпімен таныстыра отырып, оның дауыссыз, қатаң екенін түсіндіру. X дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасату, дұрыс жазуға есте сақтауға үйрету, X әрпінің кіші және бас әрпін жаздыру. Шығармашылық қабілетін дамыту, қиялын шарықтатып, логикалық ойлау қабілетін арттыру. Балаларды ұқыптылыққа, сыйластыққа, еңбекке баулу.
Әдіс-тәсілдер	Тәсіл: Жаңа білімді меңгеру Әдісі: Сұрақ - жауап, түсіндіру Көрнекілігі: Слайд, көрнекілік, кеспе әріптер. Пәні: Сауат ашу

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі (25-30)	Балалар бүгінгі ұйымдастырылған оқу қызметінде X дыбысы мен әрпін өтеміз. - X деп айтайық. Тамағымызға күш түсіріп айтамыз. - Ауа өкпеден кедергі арқылы шығады. Сондықтан x - дауыссыз, қатаң. - Баспа, жазба әріптерін көрсету. - X дыбысы бар сөздерді ата. Мысалы, (халат, хат, хор, хоккей, шахмат, хабар т.б.). X-дауыссыз, қатаң. O-дауысты, жуан. K-дауыссыз, қатаң. K-дауыссыз, қатаң. E-дауысты, жіңішке. Й-дауыссыз, үнді. Сәлемдесу. Алақанды ашайық, Күннің нұрын салайық. Таза ауаны салайық, Жүрек жылуын салайық, Жиналған осы шуақты, Қонақтарға шашайық. Өткенге шолу. -Балалар қазақ алфавитінде неше әріп бар? -Неше дауысты дыбыс бар? - Неше дауыссыз дыбыс бар? -Балалар біз өткен сабақта қандай әріппен таныстық? - И қандай дыбыс? - И сөздің қай жерінде келеді? Мысал келтір (Инелік, ине, ит). Дауысты дыбыстар екіге бөлінеді (жуан және жіңішке). Дауыссыз дыбыстар (қатаң, ұяң, үнді) болып үшке бөлінеді. Алфавит қайталау бейне роликтің көмегімен.	